

## Қоршаған ортаның қауіпсіздігіне (топыраққа) қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 452 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 шілдеде № 11755 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ -32 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2021 № ҚР ДСМ -32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған қоршаған ортаның қауіпсіздігіне (топыраққа) қойылатын гигиеналық нормативтер бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

## Қоршаған ортаның қауіпсіздігіне(топыраққа) қойылатын гигиеналық нормативтер

Топырақтағы химиялық заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы  
(бұдан әрі – РШШ)

р/с №	заттардың атауы	аяны (кларкты) ескере отырып топырақтың РШШ шамасы мк/кг	лимиттеуші көрсеткіш
1	2	3	4
жылжымалы нысаны			
1	кобальт*(1)	5,0	жалпы санитариялық
2	фтор*(2)	2,8	транслокациялық
3	хром*(3)	6,0	жалпы санитариялық
суда еритін нысаны			
4	фтор	10,0	транслокациялық
5	бенз(а)пирен	0,02	жалпы санитариялық
6	ксиллолдар (орто-, мета-, пара)	0,3	транслокациялық
7	күшала	2,0	транслокациялық
8	ОФУ*(4)	3000,0	су және жалпы санитариялық
9	сынап	2,1	транслокациялық
10	қорғасын	32,0	жалпы санитариялық
11	қорғасын+сынап	20,0+1,0	транслокациялық
12	элементарлық күкірт	160,0	жалпы санитариялық
	күкіртсутек	0,4	ауа
	күкірт қышқылы	160,0	жалпы санитариялық
13	стирол	0,1	ауа
14	формальдегид	7,0	-"-
15	хлорлы калий	560,0	су

Топырақты санитариялық-химиялық және радиологиялық көрсеткіштер бойынша бағалау

Р/с №	қауіптілік дәрежесі	ластану дәрежесі	химиялық заттардағы РШШ арту жиілігі	радиоактивті заттармен ластану көрсеткіші
1	2	3	4	5
1	қауіпсіз	таза	<1	табиғи деңгей
2	қауіпті	қатты ластанған	1-10	табиғи деңгейден 1,5 есе асып түседі
3	аса қауіпті		10-25	табиғи деңгейден 2 есе асып түседі

4	экологиялық зілзала		>25	табиғи деңгейден 3 есе асып түсуі
---	---------------------	--	-----	-----------------------------------

Топырақты микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштер бойынша бағалау

р/с №	қауіптілік дәрежесі	ластану дәрежесі	микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері					термофилдер топырағын өзін-өзі тазарту көрсеткіші
			колититрі	ана эробтар титрі (С1. perfringers)	1 кг топырақтағы гель минттер жұмыртқаларының саны	0,25 м <sup>2</sup> учаскедегі шыбындардың қуыршақтары мен дернәсілдерінің саны	хлебниковтың санитариялық саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	қауіпсіз	таза	>1,0	>0,1	0	0	0,98-1,0	0,01-0,0002
2	салыс тырмалы қауіпсіз	аз ластанған	1,0-0,01	0,1-0,001	1-10	10-ға дейін	0,85-0,98	0,01-0,00002
3	қауіпті	орташа ластанған	0,01-0,001	0,001-0,0001	11-100	10-100	0,7-0,85	0,00002-0,00001
4	аса қауіпті	қатты ластанған	<0,001	<0,0001	>100	>100	<0,7	0,00001

Топырақтың физикалық тозу критерийлері, химиялық және биологиялық ластану көрсеткіштері

р/с №	көрсеткіштер (шоғырлануы мг/дм <sup>3</sup> -де)	параметрлері		салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдай
		экологиялық зілзала	төтенше экологиялық жағдай	
1	2	3	4	5
негізгі көрсеткіштер				
1	радиоактивті ластануы, Ки/км <sup>2</sup> :			
	цезий-137	40-тан астам	40-15	15-ке дейін
	стронций-90	3-тен астам	3-1	1-ге дейін
	плутоний (изотоптар сомасы)	0,1-ден астам	0,1-0,05	0,05-ке дейін
2	химиялық заттардың РШШ-сының асып түсуі:			
	қауіптіліктің 1-ші сыныбы, (бенз(а)пирен, диоксиндерді қоса алғанда)	3-тен артық	3-2	2-ге дейін
	қауіптіліктің 2-ші сыныбы	10-нан артық	10-5	5-ке дейін
	қауіптіліктің 3-ші сыныбы (мұнай және мұнай өнімдерін қоса алғанда)	25-тен артық	25-10	10-ға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК